

**Мақтаарал ауданы білім бөлімінің
№1 « Саят » бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАЛАРЫ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ**

МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№1 хаттамасы

Күні: 29.08.2024ж

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар-0

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібіжәне педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекіту.
8. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіту.
9. Тәрбиешілерді топтарға бекіту.
10. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі Налибаева А.У сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша әдіскері Джунускулова Р ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы меңгеруші м.у.а Налибаева А.У айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Бірінші етіп алып отырған мақсатымыз .

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым- қатынас орнаған. Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі Налибаева А.У сөз алды. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

2. Тыңдалды: балабақша әдіскері: Р. Джунускулова 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.

Шешімі :

1. 1. Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісі жаңа 2024-2025 оқу жылында бекітілген перспективалық жоспар, циклограмма, үлгілік оқу жоспарына , өтпелі тақырыптарға сәйкес жүйелі жүргізілуіне жауапты : Әдіскер Р. Джунускулова

2. Жалпы оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңашылдық пен өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін, және орындалуы қадағалансын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



МККК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

16.11.24ж

Қатысқандар: 7
Қатыспағандар -0

Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы.
Жауапты: медбике Фардиева Т.
3. Педагогикалық шеберлік апталығын талдау.
Жауапты: әдіскерлер Р.Джунускулова.
4. Балалардың психикалық диагностикасының қорытындысы.
Жауапты: психолог С.Налибаева.
5. Экологиялық бейне ойындар сайысының қорытындысы.
Жауапты: әдіскерлер.
6. Кітаптар көрмесінің қорытындысы. Жауапты: әдіскерлер.
7. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талқылау:
 - Көркем әдебиет «Маша мен Аю» ертегісі ұйымдастырылған іс-әрекет (кіші « Балапан »топ) Усипбаева Қ
 - Дене шынықтыру: «Допты домалатайық » ұйымдастырылған іс-әрекет (ортаңғы «Балдаурен» топ) Ережепова А.
 - Сөйлеуді дамыту :« Ойыншықтар фабрикасына саяхат» ертегісі ұйымдастырылған іс-әрекет (ересек топ) Уразбаева А.

Шешімі

1. І тоқсан бойынша топ балаларының аурушандықтарын талдау қанағаттанарлық деп саналсын.
2. Педагогикалық шеберлік аптасы бойынша талдау қанағаттанарлық деп саналсын.
3. Балалардың психологиялық диагностикасының қорытындысы.
4. Экологиялық бейне ойындар сайысының қорытындысы.
5. Кітаптар көрмесінің қорытындысы.
6. Педагогтерге сөйлеу сауаттылығын бақылау. Педагогтердің ҰІӨ бойынша кәсіби шеберліктерін бағалау қорытындысы.

№	Педагогтердің аты-жөні	Қорытынды
1.	Усипбаева Қ.	жақсы
2.	Ережепова А.	жақсы
3.	Уразбаева А.	жақсы

Тыңдалды:

Кіші « Балапан » топтың топтың тәрбиешісі Қ. Усипбаева « көркем әдебиет » саласынан ҰІӨ « Маша мен аю » ертегісі талқыланды.

Сөйлегендер: тәрбиеші Джунускулова Р.

-Ұйымдастырылған іс әрекеті қызықты болды. Балалармен ертегіні ұйымдастыру арқылы балалардың ертегіні қызыға тыңдап сахналады.

Балалардың зейінін, ықыласын жинақтап аударма білді.

Балалардың тіл байлығы, сөздік қоры мол. Тәрбиешінің сұрағына толық жауап берді.

Ортаңғы «Балдаурен » тобының тәрбиешісі Ережепова А.Б. Дене шынықтыру : « Допты домалатайық » ҰІӨ талқыланды.

Өз сөзін білдіруші тәрбиеші Акбарова Д. Балаларға доппен домалату шапшаңдықтары жақсы ұйымдастыра алды. Балаларда қызыға ойнап өз шапшаңдықтарын көрсете білді,және балаларға қойылған тапсырмаларын да қанағаттандырлықтай орындай берді.

Ересек « Қарлығаш » тобының тәрбиешісі А.Уразбаева « Сөйлеуді дамыту » ҰІӨ « Ойыншықтар фабрикасына саяхат » талқыланды.

Өз ойын білдіруші Педагог-психолог С. Налибаева:

-Тәрбиеші А. Уразбаева алған тақырыбы қызықты болды. Балалармен адасқан ойыншықтарды орнына қою арқылы сандармен таныстырды,балаларды ұжым болып бірігіп, ақылдасып тапсырмаларды орындауға мүмкіндіктер тудырды.Яғни балалар ерекше әдіс тәсілдер арқылы көрген ойыншықтарды ұмытпады. Балалардың ықылас зейінін жинақтап іс әрекетке көңілін аударта білді.

Кіші « Балапан »топ тәрбиешісі Қ.Усипбаева сөз алды:

-Тәрбиеші сабаққа жақсы дайындалған. Дамытушы орта жақсы ұйымдастырылған, методикалық жағынан да ерекшеліктер көп болды. Балаларға сандарды әртүрлі заттарға, жануарларға ұқсастығын аңғаруға үйретті, ойыншықтарды танып атын айтуға үйретті. Бірақ сабаққа ілесе алмай отырған бір екі балаға көңіл аудармады.

Өз ойын білдіруші тәрбиеші: С. Налибаева:

-Жалпы сабақ мақсатына жетті деп ойлаймын.Мұндай сабақтар балалардың патриот болуына келешек туралы жақсы жоспарлар мен мақсат қоюына әсер етеді деп ойлаймын. Маған жасаған шығармашылық жұмыстардан ұжымдық

жақсы ұнады. Балалар тату-тәтті , ынтымақтастықта жұмыс жүргізді және жасады. Нәтижесі де әдемі, таза шықты.

7. Балалардың психологиялық диагностикасының нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Тәрбиешілерге психологтың ұсыныстарын орындасын.

8. Кітап көрмесінің қорытындысы бойынша марапатталды:

Ұсыныстар:

- Кітап көрмелеріне қатысқанда тәрбиешілерге тақырыпқа сәйкестігін, көрнекілік және мәтіндік материалдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуына, сонымен қатар дизайндағы эстетикаға ерекше назар аудару.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

17.01.25ж

Қатысқандар:7

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары».

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау. 2024-2025 оқу жылының II жартыжылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Үлгілі оқу бағдарламасын меңгерудің аралық мониторингінің қорытындысы.
3. «I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы педагог-психологтің талдамалық есебі» (жауапты/педагог-психолог Налибаева С).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау. (жауапты/меңгеруші Налибаева А).
5. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу (жауапты/меңгеруші). Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру. (жауапты/меңгеруші).
6. «Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі» Баяндама (Уразбаева А жауапты)

Тыңдады:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші м.у.а. **Р.Джунускулова** сөз сөйледі.

Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - « Ойын қызметін ұйымдастыру » тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жаңартылсын және жүйеленсін.
- Тәрбиешілер әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің

дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргізсін.

Қатысушылар ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Бұдан әрі «2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскерлер А.Налибаева «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады. (анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

Қатысушылар ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Үшінші мәселе бойынша педагог-психолог Налибаева С. сөз сөйледі, «Педагог-психологтің I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы талдамалық есебін» ұсынды. (мәтін қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Педагогикалық процестің барлық қатысушыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты, әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыбын нақтылау.

Қатысушылар ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Төртінші мәселе бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен танысып, 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын **қайта сайлау туралы мәселені талқылады.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарын жаңартуға байланысты аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау қажеттігін түсіндіріп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын қарауға ұсынды. Сайлау үшін келесі кандидатуралар ұсынылады:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы:

Комиссия Төрағасы: Р.Джунускулова меңгеруші

Хатшы: Фардиева Т

Комиссия мүшелері: А.Налибаева

Төрағаның орынбасары: Ибрагимова Сандуғаш

тәрбиеші : Акбарова Джамила
тәрбиеші : Налибаева С.
тәрбиеші : Алтынай әдіскер « Жігер» бб
тәрбиеші:Бейсенова Қатира Сембековна
тәрбиеші: Усипбаева Қ

Қатысушылар комиссия мен кеңестің құрамын бірауыздан мақұлдады.

Жетінші мәселе бойынша меңгеруші Джунускулова Р қатысушыларды білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен таныстырды, жұмыс қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

Шешімі:

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес _ педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.

- Тәрбиешілерге _әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.

2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.(жауапты/балабақша педагогтері)

3. Педагогикалық процестің барлық қатысушыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыптарын нақтылау.

(жауапты/ педагог-психолог Налибаева С.)

4. Екінші жартыжылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын көру қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету топтарының сапалы игеруін қамтамасыз ету. Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

(дейін мерзім. жауапты/түзету топтарының педагогтері.)

5. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия Төрағасы: Джунускулова Р. меңгеруші

Хатшы: Фардиева Т

Комиссия мүшелері: Налибаева А

Төрағаның орынбасары: Ибрагимова Сандуғаш

тәрбиеші : Акбарова Джамила

тәрбиеші : Налибаева С

тәрбиеші : Алтынай «Жігер » бб

тәрбиеші:Бейсенова Қатира Сембековна
тәрбиеші:Усипбаева Қ

6. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын зерделеу, жұмысты қағидаларға сәйкес жүргізу.
(жауапты/ балабақша педагогтері)

7. «Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»
Баяндама
(жауапты Уразбаева А.) оқып талқыланды.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



Р.Джунускулова
А.Налибаева

МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№ 4 хаттамасы

28.03.25ж

Қатысқандар:7

Қатыспағандар: - 0

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы. Педагогикалық кеңес тақырыбына кіріспе (жауапты/меңгеруші).

- Психологиялық тренинг: «Келіңіздер, ойнайық!»
(жауапты/педагог-психолог Налибаева.С).

2. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзеу ойындары мен жаттығулары» (жауапты/ педагог-психолог Налибаева.С).

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оның талқылануы, толықтыру.
(меңгеруші).

3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің ұйымдастырылуын талқылау.

1. ҚМҰҚ « Орман тұрғындарының іздері » ұйымдастырылған іс-әрекет
(ортаңғы топ) Джунускулова Р.М

2. Көркем әдебиет «Бұлбұл мен тоқылдақ»ертегісі ұйымдастырылған іс-әрекет
(ерсек топ) Налибаева С.Т

3. Сенсорика « Қуыршақ Дананның киімі » ұйымдастырылған іс-әрекет
(кіші топ) Усипбаева Қ.

4. « Балалардың тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары » Баяндама
(жауапты Ережепова А.)

Меңгерушіні бірінші мәселе бойынша тыңдау Джунускулова Р.

№3 педагогикалық кеңес шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізілуде.

№3 педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын.

- Жалпы дамытушы типтегі топтарда бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.

Шешім бір ауыздан қабылданды.

Екінші мәселе бойынша педагог-психолог Налибаева Сәуле сөз сөйледі, қатысушылар үшін «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзеу ойындары мен жаттығулары» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді.
(шеберлік сағатының конспекті қоса берілген)

Сөзге қатысқандар:
орта тобының тәрбиешілері Қ.Усипбаева

Шеберлік сыныбының мақсаттары сәтті түрде орындалды, өйткені педагог-психологтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста қолданатын ойын құралдары қатысушыларға көрсетілді.

№1 «Саят»б.б меңгерушісі м.у.а Р.Джунускулова

Педагог-психологтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзету ойындары мен жаттығуларын қолдану ерекшелігін көрсетеді. Педагогикалық кеңес шешіміне келесіні енгізуді ұсынамын: ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің дамуындағы қиындықтардың алдын алу және оларды жеңу мақсатында педагог-психолог Налибаева.Сауле түзету-дамыту ойындарын кеңінен қолдана отырып, балалармен жеке, ішкі топта, топтық түзеу-дамыту жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырсын.

3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау:

Ересек «Қарлығаш» топ тәрбиешісі С.Налибаева . Көркем әдебиет « Бұлбұл мен тоқылдақ » ертегісі ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер: Ортаңғы топ «Балдаурен » тәрбиешісі А.Ережепова сөз алды. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың талпынысы өте жоғары дәрежеде.Кретивті балдардың белсенділігі жақсы.

Кіші топ « Балапан »тәрбиешісі Қ.Усипбаева Сенсорика «Қуыршақ Дананың киімі » ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер: Ересек топ тәрбиешісі А. Налибаева.

Жалпы тәрбиешінің дайындығы, балалардың көңіл-күйлері, тәрбиешіні тындауы жақсы. Тек одан да әсерлі болу үшін бейнетаспа әуенімен қуыршақ Дананың жасаған қимыл іс-әрекетін көрсеткенде тіптен жанданар еді. Маған ұнағаны балалардың қуыршаққа деген мейірімі ықыласы, әрине әр –бір баланың қолында қуыршақ болғанда балалардың ықыласы мен зейіні артар еді. Ортаңғы топ « Балдаурен » Р.Джунускулова тәрбиешісі ҚМҰҚ « Орман тұрғындарының іздері » ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

Ересек топ тәрбиешісі С.Налибаева.

Жалпы ұлтымызда халықтық педагогиканы –тәрбие құралы ретінде ғасырлар бойы пайдалануда. Орман жануарлары туралы мақал-мәтел, ауыз әңгімелер кіргізілген. Тәрбиешінің ұйымдастырушылығында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданғанын көре алдық.

Әдіскер: А.Налибаева

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы қызықты тақырып. Тәрбиешінің дайындығы, қызметіне келсек , алға ұмтылу бар. Тек қалай деген сұрақ

туындайды әрине дамытушы орта мазмұнына сәйкес балаларға ыңғайлы етіп құрылу қажет. Балалардың тазалығы, киімі тиянақты. Тәрбиеші балалардың жас ерекшелігін есте сақтап, ойын жинақтап, сөз мәнерін түзеу қажет. Балаланың зейінін тұрақты ұстап, мақсатқа жетуді, нәтижесіне баға беру керек. Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі мазмұны қызық, интерацияланған, көрнекілігі мол болуы керек. Ұсынысым бағдарламаны көбірек оқуы керек. Сабаққа үш деген баға қоямын.

Шешім бір ауыздан қабылданды.

Шешім:

1. №3 педагогикалық кеңес А.Налибаева . бақылауында қалсын. Барлық білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу, жалпы даму үлгісіндегі топтарға ерекше назар аудару. (жауаптылар/балабақша педагогтері)
2. Түзеу топтарының тәрбиешілері балаларға қойылған диагноздардың әр алуандығын және жас мөлшері әртүрлі топтағы жұмыс ерекшелігін ескеріп, микрокабинеттерді түзеу-дамыту ойындарымен толықтырсын.
- психолог ойындар картотекасын құрсын, қолда бар ойын материалдарын толықтырсын, ойындарды өз қолымен дайындасын.
3. Психолог Налибаева С педагогикалық процесте жалпы дамыту типіндегі топтардың педагогтеріне ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану бойынша кеңестер берсін. Педагогтермен тұрақты өзара байланыс жүргізсін. (мерзімі: тұрақты түрде, жауапты/ психолог мұғалім)
4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің дамуындағы қиындықтардың алдын алу және оларды жеңу мақсатында педагог-психолог Налибаева С түзету-дамыту ойындарын кеңінен қолдана отырып, балалармен жеке, ішкі топта, топтық түзеу-дамыту жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырсын. (мерзімі: тұрақты, жауапты/ педагог-психолог).
5. Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі тәрбиешілер: Р.Джунускулова. Қ.Усипбаева . С.Налибаева қанағаттанарлық деп бағалансын.
6. « Балалардың тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары » Баяндама (жауапты Ережепова А. Баяндама оқылып талқыланды.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



Р.Джунускулова

А.Налибаева

МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№ 5 хаттамасы

26.05. 2025ж

Қатысқандар:7

Қатыспағандар-0

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі
3. Қорытынды мониторинг.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту.
5. « Ойын арқылы баланы оқыту және тәрбиелеу» Баяндама .
(жауапты Қ,Усипбаева)

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

Өткен кеңесте психолог С. Налибаева «Мектепке дейінгі жастағы балаларды түзеу және оларға инклюзивті білім беру кабинеттерінің тіл кемістігі бар балалармен арнайы жұмыс жасаудың жолдары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада баланың сөйлеу тілінің қалыптасуы оның қарым-қатынасының дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Бала қалыпты дамығанда оның тілді меңгеру қабілеттілігі болады. Бас миы мен сөйлеу тілі тығыз байланысқан. Тілдің дамуының бұзылуы балалар мен үлкендерде жиі кездесетін құбылыс. Сөйлеу тілінің бұзылу себептері әртүрлі болады делінген. Осы тұста психолог себептеріне жеке жеке тоқталып түсіндіріп өтті. Сонмен бірге дамуының қай кезеңінде және қандай жағдайларда сөйлеу тілінің бұзылыстарына тоқталды.

Жалпы сөйлеу тілінде ақаулығы бар балалармен түзету жұмыстарында жүйелі және үздіксіз жұмыс өте қажет. Ата-аналармен бірге отырып, балалармен логопедиялық сабақ өткізіп, көмектесу қажет екендігін айтты.

Тәрбиеші педагогикалық үдеріс кезінде баланың дамуының мониторингін жүйелі жүргізіп, әрбір тәрбиеленушінің қалыпты дамуына жағдай жасайды. Сөйлеу тілінде ақаулығы бар балалардың ата-аналарымен бірге отырып, логопедиялық сабақтар, жаттығулар өткізу, мамандар кеңесін ұсынған болатынмын. Сол жұмыстардың орындалуы өте төменгі дәрежеде екендігін байқап отырмыз, алдағы уақытта ізденіп, тыңғылықты жұмыс жоспарын түзулеріңізді талап етемін.

Өз ойын білдірген балабақша әдіскері: Ол өткен кеңесте тәрбиешілермен «Балалардың тіл және сөйлеу мәдениетін арттыру» тақырыбында сауалнама

сұрақтарын ұсынған болатын. Тәрбиешілермен сауалнама толтырылып, келесі кеңесте нәтижесі талқыланатыны айтылған.

Сауалнама сұрақтары:

1. Сөз және дыбыстармен қалай таныстырамыз?
2. Сөйлеу қарқыны дегеніміз не?
3. Жаңылтпаштарды еске түсіреміз.
4. Есту қабілеттерін қалай жетілдіреміз?
5. Фоммотикалық ауытқу дегеніміз не?
6. Ақырын немесе тез, қатты, жәй сөйлеу біліктілігін қалай дамытасыз?
7. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын қалай дамытасыз?
8. Дауысты, дауыссыз, үнді, қатаң, ұяң дыбыстарды атаңыз.

Жоғарыда қойылған сауалнама сұрақтары бойынша тәрбиешілер өз ойларын жеткізді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруіне тоқталды. Тәрбиешілер өз шығармашылық жұмыстарын егжей тегжейлі түсіндіріп өтті.

№	Тақырыбы	Тәрбиешінің аты-жөні
1	Математикалық ұғымдарды ойын арқылы меңгерудің тиімді әдістері.	Меңгеруші Джунускулова Р
2	Ұлттық ойындар арқылы балалардың қимыл- қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамыту.	Әдіскер А.Налибаева
3	Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда шынықсаң және шымыр боларсың технологиясын дамыту.	Психолог Налибаева С
4	Ұсақ моториканы дамыту арқылы баланың сөйлеу және таным қабілетін жетілдіру.	Тәрбиеші Усипбаева Қ
5	Балалардың логикалық ойлауын және танымдық белсенділігін дамыту жолдары.	Тәрбиеші Уразбаева А
6	Балалардың күзiреттiлiгiн дамытуда заманаи педагогикалық тәсiлдердi тиiмдi қолдану.	Тәрбиеші Ережепова А
7	Музыкалық –ырғақты қимылдар арқылы дене және эстетикалық тәрбиені дамыту.	Ән саз жетекшісі Ақбарова Д
8	« Дұрыс тамақтану – пайдалы әдет »	Медбике Фардиева Т

Ересек топ тәрбиешісі С. Налибаева өз ойын білдірді:

Жаңа технологияны жүзеге асыруда тәрбиешінің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы

ерекше орын алады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Менің міндетім - балаға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез- келген бала тәрбиешінің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Егер бала бойындағы қабілетті тәрбиеші байқамаса, ол бала басқа балалармен бірдей болып қалады, сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білуі керек. Ұйымдастырылған оқу қызықты өткізу үшін, тәрбиешінің өзі даярлануы керек.

Қалған тәрбиешілер де өз ойларын білдіріп, шығармашылық жұмыстарын тапсырды.

3. Өз ойын білдірген б/б меңгерушісі м.у.а :Р.Джунускулова

2024-2025 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі былай:

Ересек «Қарлығаш» тобы; Жалпы бала саны 25,

I(төмен)-деңгейдегі балалар 5,

II(орташа)-деңгейдегі балалар саны 12,

III (жоғары)- деңгейдегі балалар саны 8.

Ортаңғы «Балдаурен» тобы; Жалпы бала саны 25,

I(төмен)-деңгейдегі балалар 1 ,

II(орташа)-деңгейдегі балалар саны 15,

III (жоғары)- деңгейдегі балалар саны 9.

Кіші «Балапан» тобы; Жалпы бала саны 20,

I(төмен)-деңгейдегі балалар 6 ,

II(орташа)-деңгейдегі балалар саны 10 ,

III (жоғары)- деңгейдегі балалар саны 4.

Жалпы балабақша бойынша жиынтық төменгі деңгей – 29%,

орташа деңгей – 51%,

жоғары деңгей үлесі 20% -ды құрайды.

1. Б/б әдіскері: А.Налибаева сөзін екінші мәселе бойынша жалғады:

Ол өз сөзінде балалардың жаз мезгіліндегі демалыстары жайында сөз қозғады .

- Баланың дамуына алғаш күннен бастап көңіл бөлу қажет. **Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған**

апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Бұл уақыттағы біздің негізгі міндетіміз – өсіп келе жатқан ағзаның демалуға, шығармашылық белсенділікке және қозғалысқа деген қажеттілігін мүмкіндігінше толық қанағаттандыру. Сауықтыру, танымдық және ойын-сауық сипатындағы іс-шаралардың нақты жоспарланған жүйесі балалардың физикалық және психикалық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге көмектесуін қадағалай отырып ұйымдастырылады. **Осы ұстанымды әдіскер ретінде басшылыққа ала отырып, балаларға берілетін әрбір тапсырма мен ойынның астарында оны өмірге дайындайтын шеберлікті қоса меңгертуге тырысамын. Мектеп жасына дейінгі балалардың жазғы уақытын тиімді өткізу өте маңызды, сондықтан күн сайын оларға жаңа нәрсені білуге, қызықты мазмұнға толы дүниені игертуді жоспарлай отырып, түрлі ойындар, серуендер, мерекелер мен ойын-сауықтар, қызықты эпизодтар туралы естеліктер дайындап, олардың уақытты көңілді өткізу міндетін өзіме жүктеймін.** Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталады. Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау кезінде мен әдіскер ретінде келесі қағидаларды ұстануды жөн санаймын: профилактикалық, шынықтыру және сауықтыру технологияларын кешенді пайдалану, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын үздіксіз жүргізу; қарапайым және қол жетімді технологияларды қолдану.

Б/б мейірбикесі Т. Фардиева өз ойын айтты:

- Балалардың, ата-аналар мен педагогтердің профилактикалық шынықтыру және сауықтыру іс – шараларын өткізуге оң уәждемесін қалыптастыру; қарапайым ережелер мен нормативтерді сақтау есебінен профилактикалық және сауықтыру іс-шаралары жүйесінің тиімділігін арттыру: оңтайлы қозғалыс режимі, дене жүктемесі, мекеменің санитарлық жағдайы, тамақтандыруды ұйымдастыру, таза ауа режимі және сумен жабдықтау, қауіпсіздікті сақтау - **Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау болып табылады. Сондай-ақ** тәрбиеленушілердің бұл мезгілді асыға күтетініндей көтеріңкі көңіл сыйлап, бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, ынтымақтастықта, біріге отырып, берілген ойын шарттарын жұмыла орындауының, топ құра білудің алғышарттарын үйретеміз. «Денсаулық» аптасы, бұл өте маңызды. Себебі, жарқын мемлекеттің келешегі бүгінгі біз тәрбиелеуші жастардың қолында. Ал, олардан талап етілетін бірінші нәрсе – сауаттылық пен салауаттылық. Яғни, дені сау бала – дамыған елдің іргетасын қалауға қабілетті болады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
Жауапты: Әдіскер: А.Налибаева
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі тыңдалды, ұсыныстар мен кемшіліктер бойынша толықтыру жұмыстары орындалуы қадағалансын. Жауапты б/б әдіскер
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі анықталды, балалармен жеке даму картасы түзіліп, жұмыс жүргізілсін. Жауапты: Тәрбиешілер
4. Жазғы маусымдық іс-шаралар мен демалыстар талапқа сай жүргізілуі ескертілді, бұйрыққа сүйеніп жұмыс атқару міндеті ескерілуі талап етіледі. Ата-аналар мен балабақша ұжымы тығыз байланыста болуы үнемі ескерілсін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



Р.Джунускулова
А.Налибаева